

*Айнакулов Д. Ж.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты 8D01601 – Тарих, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Тарих және құқық институты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

## «КҮНДЕЛІКТІК» ЖӘНЕ «КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ЕНУІ

*Аңдатпа*

XX ғасырдың ортасында ғылыми ортада ғылымның жаңа саласы ретінде «Күнделікті тарих» анықталды. Жаңа саланың пайда болуына дейін әр ғылымның өзінің даму тарихы болады. Зерттеу жұмысының басты мақсаты ғылыми терминдер «Күнделіктік» және «Күнделікті өмір» ғылыми айналымға қашан енгендігін жеткізу. Адамзат баласы мен бірге адамдардың да күнделікті өмірлері пайда болып, ал сақталған деректер негізінде ежелгі дәуірден терминдердің қолданыстағы өзіндік тарихы бар. XVIII ғасырдан Еуропа мен Американың мерзімді баспаларында бұл терминдер жиі қолданылды. XX ғасырдың басынан «Күнделіктік» және «Күнделікті өмір» терминдері түрлі салалар мен түрлі аспектілер бойынша біртіндеп ғылыми орта айналымына енді.

**Түйін сөздер:** күнделіктік, күнделікті тарих, тарихнама, қала тұрғындары, күнделікті өмір, қала тарихы, күнделікті баспасөз.

*Ainakulov D. J.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Doctor's degree Department of History of Kazakhstan, 8D01601 – History, Kazakh national pedagogical university named after Abay, Institute History and Law, Almaty city, Republic of Kazakhstan,

## INTRODUCE TO THE SCIENTIFIC CIRCULATION OF THE CONCEPTS OF “DAILY” AND “EVERYDAY LIFE”

*Abstract*

In the scientific community in the second half of the 20<sup>th</sup> century, “Everyday History” was defined as a new branch of science. Before defining a new branch, Each science has a history of development. The main goal of the study is scientific terms such as “Daily” and “Everyday life” when they were introduced into the scientific circulation. Everyday life in humans appeared along with the advent of mankind, and the use of terms has a history from ancient times according to a preserved source. These terms in periodicals in Europe and America have often been used since the 18<sup>th</sup> century. Since the beginning of the 20<sup>th</sup> century, the terms “Daily” and “Everyday life” have gradually been embodied in the scientific community in various fields and in different aspects of research.

**Key words:** daily, Everyday History, historiography, city residents, everyday life, periodicals.

*Айнакулов Д. Ж.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>докторант кафедры История Казахстана, 8D01601 – История, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Институт истории и права, г. Алматы, Республика Казахстан,

## ВВЕДЕНИЕ В НАУЧНЫЙ ОБОРОТ ПОНЯТИЙ «ПОВСЕДНЕВНОСТЬ» И «ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ»

### *Аннотация*

В научной среде во второй половине XX века как новая отрасль науки определился «Повседневная история». До определения новой отрасли, каждая наука имеет историю развития. Главная цель исследуемой работы научные термины как «Повседневность» и «Повседневная жизнь» когда были введены в научный оборот. Повседневная жизнь у людей появилась вместе с появлением человечества, а использования терминов имеет свою историю с древнейших времен по сохранным источникам. Эти термины в периодических изданиях Европы и Америки часто употреблялись с XVIII века. С начала XX века термины «Повседневность» и «Повседневная жизнь» постепенно воплотились в научную среду по разными отраслями и по разными аспектами исследования.

**Ключевые слова:** повседневность, история повседневности, историография, жители города, повседневная жизнь, периодическая печать.

XX ғасырдың екінші жартысынан «Күнделікті тарих» жаңа ғылыми сала тұрғысынан әлем зерттеушілерінің назарын аударып бастады. Бұл ғылымның бағыты адам тарихын тереңдетіп зерттей алатын ғылым екенін жылдан жылға дәлелдей түсуде. Оның зерттеу мәселесі хронологиялық айқындау арқылы жүргізіліп, зерттеу барысында міндетті түрде зерттеу кеңістігін нақтыланып алынады. «Күнделікті тарих» құс жолы секілді зерттеу аясы шексіз болып келеді.

Адамзат дамуы XX ғасырдан бастап жылдам үдеріспен дамыды. Ал XXI ғасырда өркениеттер тоғысып, технологиялық жылдам даму барысы, ғылымның барлық салаларының дамуына серпіліс берді. Сондықтан, «Күнделікті тарихты» зерттеу үдерісі пәнаралық және ғылым аралық байланыстарға түспей қоймайды. Түрлі аспектілерді зерттеу мәселелерінде әлеуметтану, философия, мәдениеттану, демография, әдебиеттану, педагогика, психология және т.б. ғылымдарымен байланысады. Зерттеу жұмысының тарихнамасы түрлі сала ғалымдарының еңбектеріне сүйенеді. Еңбектердің мәселелері мен зерттеу деңгейлеріне шолу жасайды.

Бірақ тарихнамаға тоқталмастан бұрын терминдердің мәні, мен аудармаларына назар аудару қажет. Қолданыста кездесетін орыс тіліндегі «повседневность» сөзінің синонимдері «будничность», «ежедневность», «обыденность» сөздерінің барлығы күнделікті, әдеткі, яғни күнбе-күнгілік мәндік қатысы бар [1]. Ал осы терминдерді Русско-казахский словарь, Қазақша-орысша сөздік, Қазақ әдеби тілінің сөздігінен қарастарғанда – қазақ тілінде «күнделіктілік» сөзінің синонимдері «күндегі», «күнделікті», «күн сайын», «күнделілік», «әдеттегілік», «үйреншіктілік», «қарапайымдылық», «жұмыс күндері», «дағдылы жұмыс күндері», «күнде», «үнемі», «әрдайым», «күнбе-күнгілік» деген сөздермен қатысты кездеседі [2]. Ғалым Н.Л. Пушкарева барлығының түп нақты анықтамасы үнемі қайталанысты түсіндірілетіндігіне тоқталды. Синонимдерді қолдану ғылыми-зерттеу барысында мәселелердің түрлі аспектілерін қарастырғанда ғалымның шеберлігі мен түрлі ой жеткізу барысында түрлі терминдерді қолдану қажеттігі туындағаннан болады. Бірақ, одан ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты мен мазмұны өзгере қоймайды.

Әлемдік ғылыми тіл мен қолданыстағы тілдердің бірі ағылшын тілі. «Күнделіктілік» ағылшын тілінде «everyday», оның синонимдері «daily», «casual», «day-to-day», «diurnal» [3]. Ал «Күнделікті өмір» деген сөз тіркесі ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы қолданыстағы мән-мағыналары бір болып, қолданыста түрліше келіп, қазақ тілі мен орыс тіліне қарағанда күрделірек келеді. Мысалы, «everyday life», «everyday activity», «daily life (daily lives)», «day-to-day life (day-to-day lives)», «regular life», «routine life», «facing daily». Әрине, тура аудармасында мән-мағыналары басқа, жанама мағынасы бір «күнделікті өмір» мағынанысын білдіреді.

Күнделіктілік өмір зерттеу барысында күн сайын қайталанатын күнделікті өмір сүру әдеті болса, онда ол кез келген тұлғаның күнделікті өмірдегі «күнделікті күні»; жоспарланған және жоспарланбаған уақыты «күнделікті уақыты»; жұмыс күндері мен демалыс күндері және күндізгі уақыт пен түнгі уақыт әрекеттері «күнделікті тіршілік»; жеке, отбасылық, қоғамдық қатынастағы күнделікті өмірі «күнделікті оқиғаларды», «күнделікті істерді», «күнделікті жаңалықты» сипаттайды. Күнделікті жаңалық, жаңалық алмасу, күнделікті бәсекелестік, күнделікті адам өмірін ыңғайластыру, күнделікті адам өмірін тұрмыста жеңілдету әрекеттері, нарықтағы ұсыныс пен сұраныс заңдылықтары адам өміріндегі күнделікті бір өзгешелікті біртіндеп енгізуі күнделікті өмірдің трансформациялануына алып келеді. Неге күнделікті өмір біртіндеп

трансформацияланады? деген сұрақ туындаса, оған мінез-құлық үлкен әсерін тигізеді. Қоғамдық ортада адамның мінез-құлығын әлеуметтік, мәдени, рухани, фәлсапалық қажеттіліктер толық қанағаттандыра бермейді. Соны қанағаттандыру үдерісі күнделікті өмірді біртіндеп трансформацияға ұшыратады.

«Күнделіктілік» және «Күнделікті өмір» адамзат пайда болғаннан басталады. Ежелгі дүниедегі адамдардың күнделікті өмірлері тасқа қашалған суреттер, археологиялық қазба зерттеу жұмыстарының нәтижесінде еңбек құралдары, өмір сүрген баспаналарының орындары кейіннен жерлеу рәсімдері мен тұрмыстық заттарының біртіндеп қолданыстарға енгендігін дерек көздері ретінде пайдаланылады. Адамдар дами келе алғашқы қалалар пайда болып, қалалық өмірдің күрделене бастауына орай, мемлекет басшылығы күнделікті хабарламаны халыққа, қала тұрғындарына жеткізу үшін алғашқыда тас бағаналарға кейіннен балшық тақтайшаларға жазылып кептіріліп бұқараға алаңда ұсынылатын. Осындай күнделікті хабарлама ежелгі Рим республикасынан басталып, Рим империясы кезеңінде жалғасын тапты.

«Күнделікті өмір», «Күнделікті тарих» сияқты нақты сөз тіркестері болмаса да бірақ, «күнделікті» сөзі күнделікті өмір жаңалықтарын, тұрмыстық мәселелерін қарастырған күнделікті баспасөз беттерінде, оның атауларында қалданыста болған. Б.з.б 59 ж. Ежелгі Рим республикасында «Acta diurna senatus de populi» («Сенат және Рим халқының күнделікті хаттамасы») тасқа қашап жазылған алғашқы газеттік хабарламасы болды. Алғаш рет күнделікті терминін пайдаланғаны сақталып қалған. Кейіннен хаттама «Acta senatus» және «Acta diurna populi romani» («Рим халқының күнделікті істері») деп екіге бөлініп аталып, б.з.б. 27 жылдан күнделікті қашалып немесе ойылып тұрды [4].

«Acta diurna» – «күнделікті оқиға» немесе «күнделікті жаңалық» дегенді білдіреді [5]. Бұл алғаш рет латын тілінде қолданыста болып, дерек ретінде сақталып қалған мұралардың бірі. Ескеретін мәселе, «Күнделіктілік» әлемдік философияда жеке тұлғаны күнбе-күнгі өмірінде не қоршап, не толғандыратын мәселелерді Аристотель, Цицерон сияқты ойшылдар өз философиялық ойларында қарастырған.

Келесі күнделікті өмірдегі ең басты ғана жаңалықтарды хабарлауға тырысқан орта ғасырдағы қытайдағы Таң империясы кезеңіндегі «Цзинь бао» газеті. Ол ағаш тақтайшаларына ойылып жазылып, боялатын [6]. Ли Дин Синь ғылыми зерттеу жұмысында «Цзиньцзоу юань чжуан» қолжазба түріндегі қытайдың алғашқы газеті «ДибАО» деп сілтеме жасайды [7]. Ал «ДибАОға» сүйенсек, ол Таң империясынан тіпті ерте Хань империясы кезінде болған. VIII ғасырда қытайда Таң империясы сарайдағы және ел ішіндегі басты жаңалықтарды күнделікті халыққа жеткізуге тырысқандығы байқалып тұр.

Еуропада газет алғаш рет парақша ретінде XVI ғасырда басыла бастағанымен нақты газет деген атауымен XVII ғасырдан бастап Францияда басылып жарық көрді. Қай елде? Қай қалада? газеттер жарық көре бастаса да ол күнделікті өмір туралы хабарлама беріп тұрды. Күнделікті баспасөздегі материалдардан мемлекеттің, қаланың, белгілі бір тұлғалардың күнделікті өміріндегі мәселелерді анықтауға болады. Күнделікті баспасөздер идеологияның және басқа да себептердің әсерлерінен шынайылықты жасырып қалуы мүмкін. Бірақ, қоғамның сипаты мен күнделікті өміріндегі әрекеттер сақталады.

Күнделікті баспасөздердің түрлі атаулары болады. Мақсатымыз күнделікті немесе күнделіктік сөзінің газет атауына қолданысқа енгеніне де тоқталған жөн. 1702 жылдың 11 наурызынан 1735 дейін жарық көрген ағылшынның алғашқы «The Daily Courant» («Күнделікті хабарлар») [8]. Газет шетел жаңалықтары мен елдің өмірін хабарлап, жарнамалар жариялады. 1735 жылы «Daily Gazetteer» газетімен бірігіп кетті. 1735 жылдың 30 маусымынан 1746 жылға дейін «Daily Gazetteer» («Күнделікті газет») [9] газеті үнемі басылымда болған. 1785 жылдың 1 қаңтарынан «The Daily Universal Register in Great Britain» («Ұлыбританиядағы күнделікті әмбебап тіркемесі» немесе «Ұлыбританиядағы күнделікті жаңалықтар топтамасы») газеті үш жыл бойы жарық көріп, газеттің атауы тым ұзақ болғандықтан 1788 жылдың қаңтарынан «Times» (Уақыттар) деп өзгертілді [10]. 1846 жылдан «The Daily News» [11] газеті күнделікті ұлттық газет ретінде жарық көріп, оның алғашқы редакторы Чарльз Диккенс болды. 1855 жылы «The Daily Telegraph» («Күнделікті телеграф») [12] газеті англиядағы либералдық партияны қолдайтын басылым болғанымен күнделікті өмір сипаты жаңалық беттерінен түскен жоқ. 1896 жылдың 4 мамырынан «The Daily Mail» («Күнделікті пошта»). 1903 «The Daily Mirror» («Күнделікті айна») [13] жылы күнделікті басылым жарық көріп тұрды. Күнделікті баспасөзге сүйенудің себебі, газеттер күнделікті өмірдің түрлі аспектілерін сипаттайтын, мағлұмат беретін бірден-бір дерек көздерінің бірі болып табылады.

«Күнделікті өмір», «Күнделікті тарих» түсінігінің шығу тарихы немесе түп тамыры Аустрия ғалымы, психолог Зигмунд Фрейдтің (1856-1939 жж.) 1901 жылы шілдеде ай сайын жарық көретін «*Psychiatrie und Neurologie*» («Психиатрия және Неврология») журналының бірінші бөлімінде 1-32 беттерді және екінші бөлімінде 95-143 беттерді қамтитын «*Zur Psychopathologie des Alltagslebens*» яғни, қазақша аудармасы «Күнделікті өмірдің психопатологиясы» деп аталатын еңбегінің бірінші және екінші бөлімдері басылып шыққаннан басталады [14]. Осы аталған еңбегі толығымен 1904 жылы жарық көріп, кітаптың мұқабасына 1901 жылы деп беріледі [15]. Бұл еңбек Зигмунд Фрейдтің барлық психологиялық шығармаларының стандартты басылымы 1953-1974 жж. Ұлыбританияда Джеймс Стрейчидің жалпы редакциялығымен Анна Фрейдпен, Алан Тайсонмен ынтымақтаса отырып 24 томы жарық көрді. «Күнделікті өмірдің психопатологиясы» 6-томында жарық көріп, осы кітаптың мұқабасына да 1901 жыл деп берілген [16]. Орыс тілінде «Психология обыденной жизни» аудармасымен басылып, онда алғы сөзінде еңбек 1901 жылы жазылып, 1904 жылы жарық көрген деп берілген [17]. Еңбектің төрт бөлімі толық 1904 жылы жарық көргенімен, ғылыми журнал арқылы «Күнделікті өмір» сөз тіркесі 1901 жылдан кең қолданысқа еніп кетті. Зигмунд Фрейдтің осы еңбегі қай тілде жарық көрсе де 1901 жылға сілтеме жасайды. Нәтижесінде бүгінгі уақытқа дейін «Күнделікті өмір» сөз тіркесі ғылыми айналымға еніп отыр.

Зигмунд Фрейдтің «*Zur Psychopathologie des Alltagslebens*» («Күнделікті өмірдің психопатологиясы») атты еңбегіне дейін де бұл сөзтіркестерін пайдаланған еңбектер болды, бірақ ғылыми дәрежеде, ғылыми деңгейде нақты қолданысқа пайдаланылмады. Ал Аустрия ғалымы аталған сөзтіркестерін ғылым кеңістігінде кеңінен қолданысқа енгізді.

Нидерландияның тарихшысы, философы Й. Хейзинганың 1919 жылы жарық көрген «*Herfsttij der middleeeuwen*» («Ортағасырларлықтың күзі») атты еңбегінде күнделікті мәселені ғылыми тұрғыда кең зерттегені мәлім [18]. Еңбекте XIV-XV ғасырлардағы еуропалық өмір салты мен ойлаудың түрлерін жазып, оны терең ғылыми тұрғыда түсіндірген.

Й.Хейзенгердің белгілі бір кезеңнің күнделікті тарихын зерттеуі, сол дәуірге тән сананың зерттелуі нәтижесінде, ізін жалғастырушы француздық «Анналар» мектебінің өкілдері және басқа да елдердегі пікірлестері болды. Ол мектептің негізін салушылар Люсьен Февр («*Un destin Martin Luther*», 1928) мен Марк Блоктың («*Routledge Revivals*», «Короли-чудотворцы» 1924) еңбектері зор. Күнделіктілікті зерттеудің жалпы ғылыми жолдарымен жазылған жұмыстар әлеуметтанудың феноменологиясы саласында Э. Гуссерль, А. Шюц және т.б. және герменевтика Г. Гадамер, М. Хайдеггер және т.б. ғылым салаларына қатысты болды.

Альфред Шүцтің 1932-1959 жж. жазған, зерттелген еңбектеріне қарағанда [19] «Күнделікті өмір» сөз тіркесі кеңінен ауқымды қолданылған. Зерттеу жұмысында бірнеше кеңістіктерге тоқталғанның өзінде де «Күнделікті өмір» қолданыстан түспеген.

Римнің ежелгі тарихын зерттеген ғалымдардың бірі Фрэнк Ричард Коуэлл. «Цицерон және Рим республикасы» атты еңбегінде [20] 1948 жылдан күнделікті, күнделіктік, күнделікті өмірді зерттеп, сөз тіркестерін кеңінен қолданды. Бұл еңбегі бірнеше рет жарық көрді. Екінші және үшінші басылымдарында күнделікті өмір туралы зерттеу жұмысы тереңдей түскен. Ал 1961 жылы «*Everyday Life in the Ancient Rome*» («Ежелгі Римдегі күнделікті өмір») [21] атты нақты тереңдетілген, айқын зерттеген ғылыми жұмысы әлемге таңылды. Күнделікті тарихты XX ғасырдың ортасына дейін және XX ортасында зерттеп, дәлелдеген Ф.Р. Коуэлл еуропа елдерінде тек әлеуметтану мен философия саласында ғана емес, тарих ғылымында да кең зерттеуге болатындығына көз жеткізді.

Еуропа ғалымдары жаңа тарих ғылымы «Күнделікті тарихқа» XX ғасырдың 60-жылдары назар аударып, қолдау тапты. Себебі, 1960 жылы жер бетінде халық саны 3 миллиардқа жетті. Қысқа уақыт ішінде 14 қана жылда жер бетінде халықтың саны жылдам өсіп, 1974 жылы 4 миллиардқа толды. Осы кезеңнен бастап тарихтың жаңа саласы өзінің даму серпілісі заңдылық болып қалғандай дами береді. Әр тұлғаның, топтағы, қоғамдағы, ауылдық өңірлер мен қалаларда адам саны өте жылдамдықпен өсіп, оларды тұрғын үйлермен, жұмыспен қамту, қоғамның дамуы жылдам үдеріспен дамуы, нарықтың заңдылықтары күнделікті өмір қалпын өзгертуі әлеуметтану мен демография, философия мен мәдениеттану, өлкетану мен этнография ғылымдарының әдістемелік тұрғыдан күнделікті тарихты зерттеуді талап етті. Жаңа әдістемелер мен зерттеу мәселелері тарихты қайта зерттеуге, оны зерделеуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келгенде, күнделікті және күнделікті өмір сөз тіркестері біздің заманымызға дейінгі дәуірде қолданыла бастағаны, сол туралы ойлардың болғандығы анықталды. Олар нақты дерек көздері арқылы дәлелденіп отыр. Орта ғасырларда ғылыми терминдер мен сөз тіркестері ретінде пайдаланылмаса да мерзімді және күнделікті басылымдарда кеңінен қолданысқа

түскендігі мәлімделді. Аустрия ғалымы Зигмунд Фрейдтің күнделікті өмір сөз тіркесін ғылыми айналымға енгізгендігі айқындалды. Біраз зерттеушілер ғалымның толық еңбегі төрт бөлімінің толық жарық көргеннен кейін 1904 жылдан бастауды жөн көреді. Ал осы зерттеу жұмысында 1901 жылдан алғашқы екі бөлімінің ғылыми журналға басылғаннан бастап есепке алынды. Себебі, «Psychiatrie und Neurologie» («Психиатрия және Неврология») журналының бірінші және екінші бөлімдері ғалымдар мен оқырмандардың ойына, түсінігіне күнделікті өмір мәселесін таныстырды. Күнделікті тарихтың дамуына, қалыптасуына тек тарих ғылымының өзі ғана емес, әлеуметтану, философия, мәдениеттану, психология ғылымдары қажетінше өз үлестерін қосқандығы белгілі болды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Словарь русского языка в 4-х тт.* – М., 1983. Т. 3. С. 162.
2. *Русско-казахский словарь в 2-х тт.* Алма-Ата, 1981. Т.1. С. 72, 213, 537. Т.2. С. 93.; *Қазақша-орысша сөздік.* Алматы, «Дайк-пресс», 2001. 1008 б., 416-б.; *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том.* Алматы, «Арыс» баспасы, 2007. 742 б., 515-б.
3. *Oxford Russian Dictionary. Third edition.* Oxford university press. 2000. P. 1295.
4. Коуэлл Ф. *Древний Рим. Быт, религия, культура.* – М.: Центрполиграф. 2006. – 255 с. – С. 156.
5. *Словарь латинских крылатых слов.* – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Русский язык, 1999, – 784 с. – С. 23.
6. Сергеев Г.И. *От дигао до Жэньминь жибао: путь в 1200 лет.* М., 1989. С. 22-24.
7. Ли Динсьи. *Пресса Китая в условиях экономической реформы, 90-е годы XX века.* Санкт-Петербург, 1999. – 185 с. – С. 4.
8. // *The Daily Courant.* 1702. 11 March. <https://en.m.wikipedia.org>.
9. Haig Rober Louist. *The Gazetteer: 1735-1797: a study in the eighteenth-century English newspaper.* 1960.
10. *The Times Digital Archive 1785-2006 (Gale Cengage).* *The English Historical Review, Volume 128, Issue 533, August 2013, Pages 1037-1040.*
11. // *The Daily News (UK).* London, Wednesday, January 21, 1846. <https://en.m.wikipedia.org>.
12. *Большая российская энциклопедия: в 35 т., т. 7.* 2007. // Григорьев – Динамика, – 767 с., – С. 432.
13. Тендит К.Н. *История журналистики. Ч. 1: учеб. пособие / К.Н. Тендит, Н.В. Шелковникова.* – Комсомольск-на-Амуре: ФГБОУ ВПО «КуАГТУ», 2012. – 155 с. – С. 86.
14. Freud Sigmund. «*Zur Psychopathologie des Alltagslebens*» (Über Vergessen, Versprechen, Vergreifen, Aberglaube und Irrtum). // *Psychiatrie und Neurologie, Bd. 10, 1901. Heft 1, 1-32, Heft 2, 95-143.*
15. Freud Sigmund. «*Zur Psychopathologie des Alltagslebens*» (Über Vergessen, Versprechen, Vergreifen, Aberglaube und Irrtum). Berlin: Karger. 1904.
16. Freud Sigmund. *The Psychopathology of Everyday life. Volume VI (1901). The standard edition of the complete psychological works of Sigmund Freud.* London: The Hogarth press and The Institute of Psycho-Analyses. 1960. 292 p.
17. Фрейд З. *Психопатология обыденной жизни.* – М.: Азбука классика, 2005. – 224 с.
18. Хейзинга Й. *Осень средневековья // Соч. в 3-х тт. Т.1.* М.: Издательская группа «Прогресс» - «Культура», 1995. – 416 с.
19. Schutz A., Luckmann T. *Structures of the Life-world. Valuome 1., Northwestern University Press, 1973, P. 335.*
20. Cowell F. *Cicero and the Roman Republic.* Chanticleer Press, 1948. P. 306.
21. Cowell F. *Everyday Life in the Ancient Rome.* Batsford Books Ltd. 1961. P. 207.

*References:*

1. *Dictionary of the Russian language in 4.* - Moscow, 1983. Vol. 3. p. 162.
2. *Russian-Kazakh Dictionary 2 TT.* Almaty, 1981. Vol. 1.P. 72, 213, 537. Vol. 2. 93 P.; *Kazakh-Russian dictionary.* Almaty, "Dyk-Press", 2001. p. 1008, P. 416; *Dictionary of the Kazakh literary language. It is in five volumes. Volume 8.* Almaty, arys publishing house, 2007. p. 742, P.515.
3. *Oxford Dictionary of the Russian language. Third edition.* Oxford University Press. 2000. 1295 P.
4. Cowell F. *Ancient Rome. Life, religion, culture.* Moscow: Central Polygraph. 2006 – - 255 P. - 156 P.

5. *Dictionary of Latin winged words. - 4th edition., ISPR. Russian language, 1999, - 784 P. - P. 23.*
6. *Sergeev G. I. from Dibao to Zhenmin zhibao: the road in 1200 years. MOSCOW, 1989. PP. 22-24.*
7. *Lee Dinsiy. Chinese press in the context of economic reform, 90s of the XX century. St. Petersburg, 1999. - 185 P. - 4 p.*
8. // *The Daily Courant. 1702. March 11. <https://en.m.wikipedia.org>.*
9. *Haig Robert Louis. The Gazetteer: 1735-1797: a study in an English newspaper of the XVIII century, 1960.*
10. *digital archive of The Times 1785-2006 (Gail Sengeige). English historical review, volume 128, issue 533, August 2013, pp. 1037-1040.*
11. // *The Daily News (UK). London, Wednesday, January 21, 1846. <https://en.m.wikipedia.org>.*
12. *Great Russian encyclopedia: 35 volumes, 7 volumes. 2007. // Grigoriev Dynamics, P. 767, P.432.*
13. *Tendit K. N. history of journalism. Part 1: training. textbook / K. N. Tendit, N. V. Shchelkovnikova. - Komsomolsk-on-Amur: FGBOU VPO "Kiagtu", 2012. – 155 P. – P. 86.*
14. *Freud Sigmund. "Zur Psychopathologie des Alltagslebens" (Über Vergessen, Versprechen, Vergreifen, Aberglaube und Irrtum). // Psychiatrie und Neurologie, Bd. 10, 1901. Weight 1, 1-32, Weight 2, 95-143.*
15. *Freud Sigmund. "Zur Psychopathologie des Alltagslebens" (Über Vergessen, Versprechen, Vergreifen, Aberglaube und Irrtum). Berlin: Karger, 1904.*
16. *Freud Sigmund. Psychopathology of everyday life. Volume VI (1901). Standard edition of the complete set of psychological works of Sigmund Freud. London: Hogarth Press publishing house and Institute of psychoanalysis. 1960. 292 P.*
17. *Freud Z. Psychopathology of everyday life. Moscow: classical Alphabet, 2005. - 224 P.*
18. *Heizinga Y. autumn of the Middle Ages // och. in 3 TT. Vol. 1. Moscow: publishing group "Progress" - "culture", 1995. – 416 P.*
19. *Schutz A., Luckman T. structures of the world of life. Valuome 1., Northwestern University Press, 1973, P. 335.*
20. *Cowell F. Cicero and the Roman Republic. Chanticleer Press, 1948.306 pages.*
21. *Cowell F. everyday life in ancient Rome. Batsford Books Ltd. 1961. 207 pages.*